

Ақтөбе - менің қалам




- Ақтөбе қаласының негізі 1869 жылы 14 мамырда қаланған. Алдымен бекініс болып белгіленген. Бұл жерде екі биік ақ төбе болған
- Екі төбенің бірінде ақ тастардан қаланған ескі мұсылмандар зираты болды.
- Мекеннің Ақтөбе деп аталуы осыған байланысты.
- Бұл тарихта белгілі батыр, хан Қарасайдың сүйегі жатқан жер.




- Әуелгі кезде үйлер ретсіз салынған, көшелер болмады.
- Ақтөбе теміржолдың бойына орналасқан.
- Ақтөбеге көшіп келушілер көбейді. Он жылдан кейін адам саны екі 2000-нан асты.

- Ақтөбенің мәдени өмірінде де өзгерістер болды.
- Қазақ халқының ұлы ағартушысы *Ы.Алтынсариннің араласуымен алғашқы мектеп ашылды.*
- Бұл мектепті Ақтөбе уезіндегі әрбір үй ақшаны тиындап жинап, мектеп салуға көмектесті.

Еліміз егемендік алған соң Ақтөбе қаласында жаңа өндірістерді, көп қабатты тұрғын үйлерді, мектептерді, балабақшаларды және осы заманғы спорт алаңдарын ашу үзіліссіз өтіп жатады. Ақтөбе – қазіргі Республиканың ырғақты дамып келе жатқан қалаларының бірі. Соңғы он жылдай уақыт экономикалық өсім және қаланың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы алға жылжу кезеңі болды



A background image of a forest with trees in various stages of autumn. Some trees have vibrant red and orange leaves, while others are still green. The scene is captured from a slightly elevated perspective, looking down a path or through the trees.

**Ақтөбе – өзге аймақ азаматтарын
магниттей тартатын, жастарын
жоғары оқу орындарына,
зейнеткерлерді алаңсыз демалуға
итермелейтін батыстағы
тұрғындық қоры төрт жүз мың
адамды құраған мегаполистік
мекен.**